

Қазақстан Республикасы салық қызметі органдарының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 163 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылы 30 сәуірде № 9367 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 298 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 02.07.2014 № 298 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1 . М ы н а л а р :

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Қосылған күн салығын төлеушілерді тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес «Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне бақылау-касса машиналарының жаңа модельдерін енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес «Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес «Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
- 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес «Салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
- 7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес «Салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
- 8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес «Бақылау-касса машиналарын (БКМ) есепке қою және есептен шығару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасы салық қызметі органдарының мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 4 ақпанда № 8313 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2013 жылғы 28 желтоқсан № 284 (28223) жарияланған) Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің м.а. 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 586 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ә.С.Жұмаділдаев) осы бұйрықты заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны күнтізбелік он күннің ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі А. Теңгебаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
- Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары

- Қазақстан Республикасының

Қаржы министрінің

2014 жылғы 4 сәуірдегі

№ 163 бұйрығына

1 қосымша

**«Қосылған құн салығын төлеушілерді тіркеу есебі»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

1. Жалпы ережелер

1. «Қосылған құн салығын төлеушілерді тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы салық басқармалары ақпараттарды қабылдау және өңдеу орталықтарында (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің ҚӨО) жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікті (бұдан әрі – ҚҚС куәлігі) беру, ҚҚС куәлігін ауыстыру, ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығару, не Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауап мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін көрсетілетін қызметті алушының Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды табыс етуі, не сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің салық төлеушінің тегінің, атының, әкесінің атының (болған жағдайда) немесе атауының өзгергені туралы мәліметтердің болуы (ҚҚС куәлігін ауыстыру үшін) негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің рәсімі (іс-қимылдары):

1) құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкер көрсетілетін қызметті алушыдан Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдайды – 1 минут;

жеке басын куәландыратын құжатпен салықтық өтініште көрсетілген деректерді салыстырып тексереді – 2 минут, сонымен қатар:

жеке тұлғалардың мүдделерін білдірген кезде көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілінің өкілеттіктерінің нақты тізбесі көрсетілген нотариалды куәландырылған сенімхаттың бар-жоғын тексереді немесе заңды тұлғаның мүдделерін білдіруге сенімхат ұсынылған кезде басшысының қолы мен заңды тұлғаның мөрінің бар-жоғын тексереді – 2 минут;

көрсетілетін қызметті алушының қатысуымен – 5 минут;
Стандарттың 9-тармағына сәйкес табыс етілген құжаттар мен қосымшалардың толықтығын;

салық төлеушілердің салықтық өтінішінде көрсетілген деректермен Біріктірілген салық ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – БСАЖ) тіркеу деректерінде бар мәліметтермен;

салық төлеушінің орналасқан орнын растайтын құжатта көрсетілген заңды тұлғаның орналасқан орнының мекенжайының БСАЖ тіркеу деректерінде көрсетілген мекенжайға сәйкестігін;

салықтық өтініште көрсетілген дара кәсіпкердің орналасқан орнының мекенжайының БСАЖ тіркеу деректерінде көрсетілген мекенжайға сәйкестігін тексереді;

салықтық өтінішті тіркейді, оны салық есептілігін өңдеу сервисі ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – СЕӨС АЖ) енгізеді – 5 минут;

салықтық өтініштің екінші данасына құжаттың қабылданған күнін, ақпараттық жүйемен берілген құжаттың кіріс нөмірін, өзінің аты-жөнін және оған қолын қояды – 3 минут;

көрсетілетін қызметті алушыға, осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 1-қосымшасына сәйкес салықтық өтініштің қабылданғаны туралы талон (бұдан әрі – талон) береді – 2 минут;

2) құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер құжаттарды СЕӨС АЖ өңдейді (соның ішінде 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 568-569-баптарының шарттарына сәйкестігін тексереді):

ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою немесе тіркеу есебіне қоюдан бас тарту кезінде – 8 жұмыс күні;

ҚҚС бойынша есептен шығару – 3 жұмыс күні;

ҚҚС бойынша куәлікті ауыстыру кезінде – 1 жұмыс күні;

шығыс құжатын басып шығарады – 5 минут;

шығыс құжатын көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына куәландыруға береді – 10 минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы шығыс құжатына қол қояды, мөрмен куәландырады – 3 сағат;

4) құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер, шығыс құжатын құжаттарды беруге жауапты қызметкерге береді – 10 минут;

5) құжаттарды беруге жауапты қызметкер:

көрсетілетін қызметті алушы талонмен және жеке басын куәландыратын құжатпен жүгінген кезде шығыс құжаттарын, осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 2-қосымшасына сәйкес шығыс құжаттарын беру

журналына (бұдан әрі – Журнал) тіркейді және оларды Журналға қол қойғызып қолма-қол береді – 10 минут.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің келесі рәсімін (іс-қимылын) орындауды бастау үшін негіз болып қабылданған кіріс құжаттарын Excel пішінінде жүргізілетін тізімдеме бойынша беру табылады. Құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкер тізімдеменің үш данасын басып шығарады, оларға құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкер мен құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер қолдарын қояды – бір данасы қабылдауға жауапты қызметкерде қалады, екі данасы құжаттармен бірге өңдеуге жауапты қызметкерге беріледі. Құжаттарды өңдеу аяқталуы бойынша, өңдеуге жауапты қызметкер тізімдеменің үшінші данасындағы тиісті бағандарды толтырып, шығыс құжаттарымен бірге құжаттарды беруге жауапты қызметкерге береді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібі

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне көрсетілетін қызметті берушінің ҚӨО қызметкерлері қатысады.

8. Құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкер көрсетілетін қызметті алушы табыс еткен құжаттарды қабылдайды, тексереді, тіркейді және енгізеді – 20 минут.

9. Құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкер құжаттарды осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттің 6-тармағында көрсетілген тәртіпте құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкерге береді.

10. Құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер кіріс құжаттарды СЕӨС АЖ-де өңдейді:

ҚҚС бойынша есепке қою немесе есепке қоюдан бас тарту кезінде – 8 жұмыс күні;

ҚҚС бойынша есептен шығару кезінде – 3 жұмыс күні;

ҚҚС бойынша куәлікті ауыстыру кезінде – 1 жұмыс күні;

шығыс құжатын басып шығарады және көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына куәландыруға береді – 15 минут.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы шығыс құжатына қол қояды, мөрмен куәландырады – 3 сағат;


12. Құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер, шығыс құжатын құжаттарды беруге жауапты қызметкерге береді – 10 минут.

13. Құжаттарды беруге жауапты қызметкер, көрсетілетін қызметті алушы талонмен және жеке басын куәландыратын құжатпен жүгінген кезде Журналыға

№ № р/ н	Салық төлеуші		Шығыс құжаты туралы мәліметтер			Шығыс құжатын алушының аты-жөні	Шығыс құжатын алу үшін көрсетілген құжат (сенім хат, жеке басының куәлігі және т.б.)	Қолы	Шығыс құжаттың беру күні
	Атауы, аты-жөні	ЖСН/БСН	Атауы	Нөмірі	Сериясы				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Қосылған құн салығын төлеушілерді мемлекеттік регламентіне 3-қосымша құн салығын тіркеу есебі» көрсетілетін қызмет

«Қосылған құн салығын төлеушілерді тіркеу есебі» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) реттілік блок - сызбасы



Қазақстан Республикасы
 Премьер-Министрінің орынбасары
 - Қазақстан Республикасының
 Қаржы министрінің
 2014 жылғы 4 сәуірдегі
 № 163 бұйрығына
 2 қосымша

«Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы салық басқармалары ақпараттарды қабылдау және өңдеу орталықтары арқылы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің ҚӨО) жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Электронды цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) тұратын кілті бар контейнерлі электрондық ақпарат жеткізгішті беру, келісім, ЭЦҚ жою немесе ауыстыру мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін (келісім) беру нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 9-тармағында көрсетілген құжаттарды табыс етуі негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің рәсімі (іс-қимылдары):

1) құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкер көрсетілетін қызметті алушыдан Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдайды – 1 минут;

жеке басын куәландыратын құжатпен салықтық өтініште көрсетілген деректерді салыстырып тексереді – 2 минут, сонымен қатар:

жеке тұлғалардың мүдделерін білдірген кезде көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілінің өкілеттіктерінің нақты тізбесі көрсетілген нотариалды куәландырылған сенімхаттың бар-жоғын тексереді немесе заңды тұлғаның мүдделерін білдіруге сенімхат ұсынылған кезде басшысының қолы мен заңды тұлғаның мөрінің бар-жоғын тексереді – 5 минут;

Стандарттың 9-тармағына сәйкес табыс етілген құжаттар мен

қосымшалардың

толықтығын;

салық төлеушінің салықтық өтінішінде көрсетілген деректерін Біріктірілген салық ақпараттық жүйесінің тіркеу деректерінде бар мәліметтермен тексереді;

салықтық өтінішті тіркейді, оны салық есептілігін өңдеу сервисі ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – СЕӨС АЖ) енгізеді – 5 минут;

салықтық өтініштің екінші данасына құжаттың қабылданған күнін, ақпараттық жүйемен берілген құжаттың кіріс нөмірін, өзінің аты-жөнін және оған қолын қояды – 3 минут;

көрсетілетін қызметті алушыға, осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 1-қосымшасына сәйкес салықтық өтініштің қабылданғаны туралы талон (бұдан әрі – талон) береді – 2 минут;

2) құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер кіріс құжаттарды СЕӨС АЖ-де өңдейді:

электронды салық төлеуші ретінде есепке қою және сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген электронды құжаттар алмасуда электрондық қолтаңбаны пайдалану және тану туралы келісімді (бұдан әрі – келісім) қайта ресімдеу кезінде – 3 жұмыс күні;

ЭЦҚ жою немесе ауыстыру кезінде – 1 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады; келісімді басып шығарады, ЭЦҚ-дан тұратын кілті бар контейнерлі электрондық ақпарат жеткізгішке жазады – 10 минут;

шығыс құжатын көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына куәландыруға береді – 10 минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы шығыс құжатына қол қояды, мөрмен куәландырады – 3 сағат;

4) құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер, шығыс құжатын құжаттарды беруге жауапты қызметкерге береді – 10 минут;

5) құжаттарды беруге жауапты қызметкер, көрсетілетін қызметті алушы талонмен және жеке басын куәландыратын құжатпен жүгінген кезде шығыс құжаттарын, осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 2 қосымшасына сәйкес шығыс құжаттарын беру журналына (бұдан әрі – Журнал) тіркейді және оларды Журналға қол қойғызып қолма-қол береді – 10 минут.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің келесі рәсімін (іс-қимылын) орындауды бастау үшін негіз болып қабылданған кіріс құжаттарын Excel пішінінде жүргізілетін тізімдеме бойынша беру табылады. Құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкер тізімдеменің үш данасын басып шығарады, оларға құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкер мен құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер қолдарын қояды – бір данасы қабылдауға жауапты қызметкерде қалады, екі данасы құжаттармен бірге өңдеуге жауапты қызметкерге беріледі. Құжаттарды өңдеу аяқталуы бойынша, өңдеуге жауапты

қызметкер тізімдеменің үшінші данасындағы тиісті бағандарды толтырып, шығыс құжаттарымен бірге құжаттарды беруге жауапты қызметкерге береді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібі

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне көрсетілетін қызметті берушінің ҚӨО қызметкерлері қатысады.

8. Құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкер көрсетілетін қызметті алушы табыс еткен құжаттарды қабылдайды, тексереді, тіркейді және енгізеді – 20 минут.

9. Құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкер құжаттарды осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттің 6-тармағында көрсетілген тәртіпте құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкерге береді.

10. Құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер кіріс құжаттарды СЕӨС АЖ-де өңдейді:

электронды салық төлеуші ретінде есепке қою және сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген электронды құжаттар алмасуда электрондық қолтаңбаны пайдалану және тану туралы келісімді қайта ресімдеу кезінде – 3 жұмыс күні;

ЭЦҚ жою немесе ауыстыру кезінде – 1 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады; келісімді басып шығарады және көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына куәландыруға береді, ЭЦҚ-дан тұратын кілті бар контейнерлі электрондық ақпарат жеткізгішке жазады - 20 минут.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы шығыс құжатына қол қояды, мөрмен куәландырады – 3 сағат.

12. Құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер, шығыс құжатын құжаттарды беруге жауапты қызметкерге береді – 10 минут.

13. Құжаттарды беруге жауапты қызметкер, көрсетілетін қызметті алушы талонмен және жеке басын куәландыратын құжатпен жүгінген кезде шығыс құжаттарын Журналына тіркейді және оларды Журналға қол қойғызып қолма-қол береді – 10 минут.


14. «Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебі» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) реттілік блок - сызбасы осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

«Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне

1-қосымша

НЫСАН

Салықтық өтініштің қабылданғаны туралы талон



_____ бойынша Салық басқармасы (департаменті)
 _____ облысы бойынша Салық департаменті (қала)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті

Салық төлеушінің атауы және ЖСН/БСН: _____

Кіріс құжаттың атауы: _____

Кіріс құжатты қабылдаған күн: _____

Тіркеу нөмірі: _____

Шығыс құжаттың атауы: _____

Салықтық заңнамаға сәйкес шығыс құжатты дайындау мерзімі: _____

Шығыс құжатты беру үшін «терезенің» нөмірі: _____

Кіріс құжатты қабылдаған салық органының қызметкерінің аты-жөні және лауазымы: _____

_____ ҚОЛЫ

«Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
 2-қосымша


НЫСАН

Шығыс құжаттарын беру журналы

№	Салық төлеуші		Шығыс құжаты туралы мәліметтер			Шығыс құжатын алушының аты-жөні	Шығыс құжатын алу үшін көрсетілген құжат (сенім хат, жеке басының куәлігі және т.б.)	Қолы	Шығыс құжаттың беру күні
	Атауы, аты-жөні	ЖСН/БСН	Атауы	Нөмірі	Сериясы				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

«Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
 3-қосымша

«Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебі» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) реттілік блок - сызбасы



Қазақстан Республикасы
 Премьер-Министрінің орынбасары
 - Қазақстан Республикасының
 Қаржы министрінің
 2014 жылғы 4 сәуірдегі
 № 163 бұйрығына
 3 қосымша

«Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне бақылау-касса машиналарының жаңа модельдерін енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне бақылау-касса машиналарының жаңа модельдерін енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Бақылау-касса машиналарының жаңа моделін (бұдан әрі – БКМ) БКМ

мемлекеттік тізіліміне енгізу (енгізуден бас тарту) туралы шешімді беру, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген «Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне бақылау-касса машиналарының жаңа модельдерін енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қағаз жеткізгіште табыс етуі негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің рәсімі (іс-қимылдары):

1) көрсетілетін қызметті берушінің іс-қағаздарды жүргізуге жауапты қызметкері:

көрсетілетін қызметті алушы табыс еткен құжаттарды қабылдайды, тексереді, бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесінде (бұдан әрі – БЭҚАЖ) тіркейді – 5 минут;

салықтық өтініштің екінші данасына жауапты қызметкер құжаттың қабылданған күнін, құжаттың кіріс нөмірін, өзінің аты-жөнін көрсетеді және оған қолын қояды – 5 минут;

көрсетілетін қызметті алушыға, осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 1-қосымшасына сәйкес салықтық өтініштің қабылданғаны туралы талон (бұдан әрі – талон) – 5 минут;

құжаттарды тарату үшін басшылыққа береді – 10 минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және қарармен мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты басқарма басшысына береді – 1 күн;

3) көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты қызметкері:

құжаттарды өңдейді (соның ішінде БКМ моделінің сәйкестігін тексереді, Комиссия отырысын өткізуді ұйымдастырады, БКМ моделін мемлекеттік тізілімге енгізу (енгізуден бас тарту) туралы Комиссия шешімін қалыптастырады – 28 жұмыс күні;

құжатты (қалыптастырылған Комиссия шешімін) мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты басқарма басшысына келісуге жібереді – 1 сағат;

4) көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты басқарма басшысы дайындалған құжатты қарайды, келіседі және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді – 1 сағат;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы табыс етілген шығыс құжатын қарайды және оған қол қояды – 3 сағат;

6) көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты қызметкері шығыс құжатын, іс-қағаздар жүргізуге жауапты қызметкерге тіркеуге береді – 1 сағат;

7) көрсетілетін қызметті берушінің іс-қағаздар жүргізуге жауапты қызметкері дайын құжатты қағаз жеткізгіште қол қойылған нұсқасы болу шартында БЭҚАЖ-де тіркейді және дайын құжатты көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жібереді – 1 жұмыс күні;

8) көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты қызметкері, БКМ моделін мемлекеттік тізілімге енгізу және өзгерту үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрығы жобасын (бұдан әрі – ҚР ҚМ бұйрығы жобасы) Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213-1 Заңына сәйкес әзірлейді және ресімдейді – 30 жұмыс күн;

қол қойылған бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне (бұдан әрі – ҚР ӘМ) мемлекеттік тіркеу үшін жолдайды – оның бекітілген күнінен бастап күнтізбелік 14 күн ішінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің келесі рәсімін (іс-қимылын) орындауды бастау үшін негіз болып кеңсеге түскен және тіркелген кіріс құжаттарын, түскен күні көрсетілетін қызметті берушінің жауапты бөлімшелеріне орындауға беру табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібі

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне көрсетілетін қызметті берушінің қызметкерлері қ а т ы с а д ы .

8. Көрсетілетін қызметті берушінің іс-қағаздарды жүргізуге жауапты қызметкері, көрсетілетін қызметті алушы табыс еткен құжаттарды қабылдайды, тексереді, тіркейді және құжаттарды тарату үшін басшылыққа береді – 25 минут.

9 Көрсетілетін қызметті берушінің іс-қағаздарды жүргізуге жауапты қызметкері құжаттарды осы мемлекеттік көрсетілетін регламенттің 6-тармағында көрсетілген тәртіпте мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты қ ы з м е т к е р г е б е р е д і .

10. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты қызметкері, құжаттарды қабылдайды, өңдейді және шығыс құжаттарын басып шығарады және оны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына растауға береді – 28 жұмыс күні.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы шығыс құжаттарына қол қояды, мөрмен растайды – 3 сағат.

12. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты қызметкері шығыс құжатын, іс-қағаздар жүргізуге жауапты қызметкерге тіркеуге береді – 10 минут.

13. Көрсетілетін қызметті берушінің іс-қағаздарды жүргізуге жауапты қызметкері дайын құжатты қағаз жеткізгіште қол қойылған нұсқасы болу шартында БЭҚАЖ-де тіркейді және дайын құжатты көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жібереді – 1 жұмыс күні;

14. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты қызметкері ҚР ҚМ бұйрығы жобасын әзірлейді және ресімдейді – 30 жұмыс күн;

қол қойылған бұйрықты ҚР ӘМ мемлекеттік тіркеу үшін жолдайды – оның бекітілген күнінен бастап күнтізбелік 14 күн ішінде.

15. «Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне бақылау-касса машиналарының жаңа модельдерін енгізу» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) реттілік блок - сызбасы осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

«Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне бақылау-касса машиналарының жаңа модельдерін енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

нысан

Салықтық өтініштің қабылданғаны туралы талон



_____ бойынша Салық басқармасы (департаменті)

_____ облысы бойынша Салық департаменті (қала)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті

Салық төлеушінің атауы және ЖСН/БСН: _____

Кіріс құжаттың атауы: _____

Кіріс құжатты қабылдаған күн: _____

Тіркеу нөмірі: _____

Шығыс құжаттың атауы: _____

Салықтық заңнамаға сәйкес шығыс құжатты дайындау мерзімі: _____

Шығыс құжатты беру үшін «терезенің» нөмірі: _____


Кіріс құжатты қабылдаған салық органының қызметкерінің аты-жөні және лауазымы: _____

_____ ҚОЛЫ

«Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне бақылау-касса машиналарының жаңа модельдерін енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
2-қосымша

нысан

«Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне бақылау-касса машиналарының жаңа модельдерін енгізу» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) реттілік блок - сызбасы



Қазақстан Республикасы
 Премьер-Министрінің орынбасары
 - Қазақстан Республикасының
 Қаржы министрінің
 2014 жылғы 4 сәуірдегі
 № 163 бұйрығына
 4 қосымша

«Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы Салық басқармалары ақпараттарды қабылдау және өңдеу орталықтары арқылы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің ҚӨО) жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтама (бұдан әрі - анықтама) беру, не Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер

бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауап мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін көрсетілетін қызметті алушының Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қағаз жеткізгіште табыс етуі негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің рәсімі (іс-қимылдары):

1) құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкер көрсетілетін қызметті алушыдан Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдайды – 1 м и н у т ;

жеке басын куәландыратын құжатпен салықтық өтініште көрсетілген деректерді салыстырып тексереді – 2 минут, сонымен қатар:

жеке тұлғалардың мүдделерін білдірген кезде көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілінің өкілеттіктерінің нақты тізбесі көрсетілген нотариалды куәландырылған сенімхаттың бар-жоғын тексереді немесе заңды тұлғаның мүдделерін білдіруге сенімхат ұсынылған кезде басшысының қолы мен заңды тұлғаның мөрінің бар-жоғын тексереді – 2 минут;

көрсетілетін қызметті алушының қатысуымен – 5 минут;

Стандарттың 9-тармағына сәйкес табыс етілген құжаттар мен қ о с ы м ш а л а р д ы ң т о л ы қ т ы ғ ы н ;

салық төлеушілердің салықтық өтінішінде көрсетілген деректермен Біріктірілген салық ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – БСАЖ) тіркеу деректерінде бар мәліметтермен;

заңды тұлғаның басшысының, бюджетпен есеп айырысулар бойынша жауапты қызметкерінің немесе уәкілетті өкілінің БСАЖ-ндегі тіркеу карточкасында көрсетілген деректермен тексереді;

салықтық өтінішті БСАЖ-де тіркейді – 5 минут;

салықтық өтініштің екінші данасына құжаттың қабылданған күнін, ақпараттық жүйемен берілген құжаттың кіріс нөмірін, өзінің аты-жөнін және оған қолын қояды – 3 минут;

көрсетілетін қызметті алушыға, осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 1-қосымшасына сәйкес салықтық өтініштің қабылданғаны туралы талон (бұдан әрі – талон) береді – 2 минут;

2) құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер құжаттарды өңдейді (резидент

еместің салықтық өтініштің деректерін салық төлеушінің және (немесе) салық агентінің салық есептілігі нысандарында көрсетілген деректермен сәйкестігін салыстырады) – 13 күнтізбелік күн;

анықтаманы немесе анықтаманы беруден бас тарту туралы уәждеделген жауапты әзірлейді – 15 минут;

шығыс құжаттарын көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына куәландыруға береді – 10 минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы шығыс құжатына қол қояды, мөрмен куәландырады – 3 сағат;

4) құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер, шығыс құжатын құжаттарды беруге жауапты қызметкерге береді – 10 минут;

5) құжаттарды беруге жауапты қызметкер, көрсетілетін қызметті алушы талонмен және жеке басын куәландыратын құжатпен жүгінген кезде шығыс құжаттарын, осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 2-қосымшасына сәйкес шығыс құжаттарын беру журналына (бұдан әрі – Журнал) тіркейді және оларды Журналға қол қойғызып қолма-қол береді – 10 минут.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің келесі рәсімін (іс-қимылын) орындауды бастау үшін негіз болып қабылданған кіріс құжаттарын БСАЖ электронды түрде жүргізілетін тізімдеме бойынша беру табылады. Құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкер тізімдемені 2 данада шығарады, тізімдемеге құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкер және құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер қолдарын қояды – бір дана қабылдау тобының қызметкерінде қалады, бір дана құжаттармен бірге өңдеуге жауапты қызметкерге беріледі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне көрсетілетін қызметті берушінің ҚӨО қызметкерлері қатысады.

8. Құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкер көрсетілетін қызметті алушы табыс еткен құжаттарды қабылдайды, тексереді және тіркейді – 20 минут.

9. Құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкер құжаттарды осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттің 6-тармағында көрсетілген тәртіпте құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкерге береді.

10. Құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер, құжаттарды өңдейді (резидент еместің салықтық өтініштің деректерін салық төлеушінің және (немесе) салық агентінің салық есептілігі нысандарында көрсетілген деректермен сәйкестігін салыстырады), анықтаманы немесе анықтаманы беруден бас тарту туралы

уәжелген жауапты әзірлейді және шығыс құжаттарын көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына куәландыруға береді – 13 күнтізбелік күн.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы шығыс құжатына қол қояды, мөрмен куәландырады – 3 сағат.

12. Құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер, шығыс құжатын құжаттарды беруге жауапты қызметкерге береді – 10 минут.


13. Құжаттарды беруге жауапты қызметкер, көрсетілетін қызметті алушы талонмен және жеке басын куәландыратын құжатпен жүгінген кезде Журналыға шығыс құжаттарын тіркейді және оларды Журналына қол қойғызып қолма-қол б е р е д і – 1 0 м и н у т .

14. «Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) реттілік блок - сызбасы осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 3-қосымшасында келтірілген.

«Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

нысан

Салықтық өтініштің қабылданғаны туралы талон


_____ бойынша Салық басқармасы (департаменті) _____ облысы бойынша Салық департаменті (қала)
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті
Салық төлеушінің атауы және ЖСН/БСН: _____
Кіріс құжаттың атауы: _____
Кіріс құжатты қабылдаған күн: _____
Тіркеу нөмірі: _____
Шығыс құжаттың атауы: _____
Салықтық заңнамаға сәйкес шығыс құжатты дайындау мерзімі: _____
Шығыс құжатты беру үшін «терезенің» нөмірі: _____
Кіріс құжатты қабылдаған салық органының қызметкерінің аты-жөні және лауазымы: _____
ҚОЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет регламентіне
2-қосымша


нысан

Шығыс құжаттарын беру журналы

№ р/ н	Салық төлеуші		Шығыс құжаты туралы мәліметтер			Шығыс құжатын алушының аты-жөні	Шығыс құжатын алу үшін көрсетілген құжат (сенім хат, жеке басының куәлігі және т.б.)	Қолы	Шығыс құжаттын беру күні
	Атауы, аты-жөні	ЖСН/ БСН	Атауы	Нөмірі	Сериясы				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

«Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет регламентіне
3-қосымша

«Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) ретгілік блок - сызбасы



Қазақстан Республикасы
 Премьер-Министрінің орынбасары
 -Қазақстан Республикасының
 Қаржы министрінің
 2014 жылғы 4 сәуірдегі
 № 163 бұйрығына
 5 қосымша

«Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару» мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) төлем көзінен ұсталған табыс салығын толық немесе ішінара қайтару туралы шешім (бұдан әрі – қайтару туралы шешім);

2) салық төлеушінің (салық агентінің) банк шотына ұлттық валютада жүргізілетін төлем көзінен ұсталған табыс салығының төленген сомаларын қайтару;

3) төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтарудан бас тарту туралы шешім (бұдан әрі – қайтарудан бас тарту туралы шешім);

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген «Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша салық органының салықтық өтінішті қараудан уәжделген бас тартуы. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін көрсетілетін қызметті алушының Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қағаз жеткізгіште табыс етуі негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің рәсімі (іс-қимылдары):

1) көрсетілетін қызметті берушінің іс-қағаздарды жүргізуге жауапты қызметкері:

көрсетілетін қызметті алушы табыс еткен құжаттарды қабылдайды, тексереді, электрондық құжат айналымы жүйесінде тіркейді – 10 минут;

салықтық өтініштің екінші данасына жауапты қызметкер құжаттың қабылданған күнін, құжаттың кіріс нөмірін, өзінің аты-жөнін көрсетеді және оған қолын қояды – 5 минут;

көрсетілетін қызметті алушыға, осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 1-қосымшасына сәйкес салықтық өтініштің қабылданғаны туралы талон (бұдан әрі – талон) береді – 5 минут;

құжаттарды мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты қызметкерге береді – 1 сағат ішінде;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты қызметкер: құжаттарды қарайды және 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 217-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда бас тарту себебін көрсете отырып көрсетілетін қызметті алушының өтінішті қараудан бас тарту туралы шешімін әзірлейді және көрсетілетін қызметті алушыға қол қойғызып тапсырады немесе хабарламасы бар тапсырыс хатпен почта арқылы жібереді – 6 күн;

